



20 21 ж.

Құрастырушы: аға оқытушы Баймурат М. РМ

### Әдістемелік нұсқау

Өндірістік педагогикалық практикадан өту бойынша  
ББ 5В011200 Химия, 5В012500 Химия – Биология  
білім алушыларына арналған

**ББ комитетінің отырысында ұсынылды**

20 21 ж. 28 тамыз № 1 хаттама

ББ жетекшісі Р.Ж. Мұқанова Р.Ж. Мұқанова

ЖЖМ Кеңесінде мақұлданды

20 21 ж. 28 тамыз № 1 хаттама

ЖЖМ Кеңесінің төрағасы Р.Ж. Мұқанова

## 1 ТҮСІНІК ХАТ

Студенттерінің өндірістік педагогикалық практикасы орта білімнің жаңартылған мазмұны аясында студенттерді практикалық педагогикалық іс-әрекетке жан-жақты енгізуге, оқу сабақтарын өз бетінше жүргізу және талдау үшін практикалық дағдыларды қалыптастыруға; оқытудың заманауи стратегияларын (сыни ойлау, функционалдық сауаттылық, критериалды бағалау, бірлескен оқыту), инновациялық білім беру технологияларын практикада қолдануға; қорытынды біліктілік жұмысының таңдалған тақырыптарына сәйкес психологиялық-педагогикалық зерттеулерді практикада іске асыруға бағытталған.

## 2 ПРАКТИКАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**2.1 ЖОО-дағы өндірістік педагогикалық практиканың мақсаты** нақты қызмет жағдайында кәсіби позицияны апробациялау болып табылады: оқу-тәрбие процесі мен білім беру ортасын жобалау, іске асыру және бағалау саласында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру. Кәсіби қызмет саласында құзыреттілікті қалыптастыруды аяқтайтын білім беру мекемелерінде оқытушылық қызметтің практикалық дағдылары мен машықтарын, сондай-ақ өзіндік кәсіби қызмет тәжірибесін меңгеру.

**Өндірістік педагогикалық практика нәтижелері бойынша оқу нәтижелері:**

- оқытудың инновациялық тәсілдері мен оқытудың қазіргі заманғы стратегияларын (сын тұрғысынан ойлау, функционалдық сауаттылық, критериалды бағалау, бірлесіп оқыту), инновациялық білім беру технологияларын (жеке тұлғаға бағытталған, интерактивті, АКТ, ақылды және STEM-оқыту және т.б.) электрондық, ақпараттық және сандық білім беру ресурстары;
- білім берудегі менеджердің функцияларын жүзеге асыру (жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және ынталандыру, бақылау және педагогикалық қызметтің нәтижелерін бағалау);
- оқытудың стратегиясы мен жоспарын жасау, қазіргі заманғы оқыту технологияларын таңдау және қолдану, оқу материалдарының дәйекті ұсынылуын қамтамасыз ету, сабақтың ұтымды құрылымы мен мазмұнын құру, оқу бағдарламаларын бағалау және жетілдіру;
- аудиторияның электронды журналымен, студенттер / оқушылардың күнделіктерімен жұмыс жасауда практикалық дағдыларға ие болу;
- «Мәңгілік ел» және «Рухани Жанғыру» бағдарламалары негізінде тәрбиелік іс-шаралар өткізу;
- студенттермен / оқушылармен кәсіби бағдар жұмысын ұйымдастырады;
- студенттермен зерттеу мәдениетін қалыптастыру және жобалық қызметті дамыту;
- студенттерге түзету психологиялық-педагогикалық әсер ету;
- заңнамалық, нормативтік және ғылыми-әдістемелік құжаттарды талдайды және тәжірибеге енгізеді;

- ата-аналармен, мұғалімдермен және білім беру ұйымдарының жетекшілерімен кәсіби қарым-қатынас орнату.
- оқу процесінің барлық қатысушыларымен (студенттер, әріптестер және ата-аналар) кәсіби қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;
- өзін-өзі бағалаудың және кәсіби ойлаудың қалыптасуы мен дамуына жағдай жасау;
- мұғалімнің сәтті кәсіби қызметінің құндылығы мен мотивациялық бағдарын қалыптастыру.

## ӨНДІРІСТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

### 3.1 Өндірістік педагогикалық практикасының мерзімі мен көлемі

**Практиканың өтетін уақыты:** бітіру курсының соңғы оқу семестрі

**Практиканың көлемі:** 6-10 кредит. Аталған практика түрін теориялық оқудан үзіліс жасау арқылы өтеді.

**Практиканың өтетін орны:** Түрлі білім беру мекемелері (ЖОМ және т.б.).

### 3.2 Практиканың өткізілу кезеңдері

№	Кезеңі	Мазмұны	Мерзімі
1	Даярлық	1) Ұйымдастыру конференциясы. Студенттерді педагогикалық практикаға жіберу туралы ректордың бұйрығымен таныстыру.. Студент-практикант қызметінің мазмұны және функционалдық міндеттері туралы. Әдістемелік құралдар көрмесі (қажет болған жағдайда). 2) Студенттердің практика кезіне жеке жұмыс жоспарын құруы.	Практика басталудан 3-7 күн бұрын
	Негізгі	1) Пассивті практика – білім беру мекемелерінің оқу-тәрбие жүйесін кешенді бақылау, құжаттармен және сынып жетекшісінің (тәрбиеші), пән мұғалімінің қызметімен танысу. Мекеменің тәрбие жұмысының мазмұнымен және пән мұғалімінің сыныптан тыс жұмыстарымен танысу.	1- апта
		2) Педагог қызметін орындау. Диплом жұмысының тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына сай студент-практиканттың практикалық дағдыларын қолдана отырып сабақ жүргізуі. 3) Белсенді практика. Сынып жетекшісінің, үйірме жетекшісінің, пән мұғалімінің қызметтерін орындау. Сыныптан тыс сабақтар, тәрбие шараларын өткізу, екі оқушымен түзету және дамыту жұмыстарын жүргізу, сынып ұжымына және бір оқушыға психология-педагогикалық диагностика жүргізу.	2-6 (10) апта
3	Қорытынды	1) Есеп құжаттарын даярлау – есеп құжаттарын редакциялау (әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес). Есеп құжаттарын тексеруге тапсыру.	6 (10) апта

	3) Комиссия мүшелерінің алдында педагогикалық практика есебін қорғау.	Практика мерзімі біткеннен кейінгі апта
--	---	---

## **4 - КУРСТЫҢ ӨНДІРІСТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА МАЗМҰНЫ**

### **4.1 Студент қызметінің түрлері:**

Өндірістік педагогикалық практика өтуші студенттердің қызметі мынадай жұмыс түрлерін қамтиды:

#### **1) Мекеменің оқу-тәрбиелік жүйесімен танысу:**

- оқу-материалдық базамен;
- білім беру мекемесі педагогикалық ұжымы қызметінің негізгі бағыттарымен (оқу, ғылыми-зерттеу, тәрбие салалары бойынша);
- Мұғалімдердің әдістемелік бірлестігі қызметтері.

#### **2) Зерделеу:**

- білім беру мекемесінің, сыныптың (топтың) оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау жүйесі (ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді);
- сын тұрғысынан ойлау жүйесі;
- пән бойынша оқу және сыныптан тыс жұмыстар жүйесі;
- e-learning (электронные журналы, күнделігі, жоспарлау, электронды мұғалім, SMS – хабарландыру) электронды оқыту жүйесін;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысы жүйесі;
- педагогтардың озық тәжірибесін;

#### **3) Өздік жұмысы:**

- білім алушылар ұжымымен пән бойынша оқу жұмысын (қысқа мерзімді жоспарларды өз бетімен құрастыру) және сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлау;
- сабақтар өткізу;
- дидактикалық және көрнекілік құралдарын даярлау, соның ішінде СББР;
- пән бойынша сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлау және өткізу;
- студентке бекітілген білім алушылар ұжымымен сыныптан тыс тәрбие шараларын өткізу;
- өзінің оқу және тәрбие жұмыстарына педагогикалық өз-өзіне талдау жасау;
- сабақтарға қатысу;
- білім беру мекемесі мұғалімдері мен курстастарының оқу және тәрбие жұмыстарына педагогикалық анализ жасау;
- білім алушылар ұжымы мен жеке білім алушының дамуының психологиялық-педагогикалық диагностикасы;
- жұмыс құжаттарын жүргізу;
- оқу үдерісінде білім беру мекемесі педагогтерінің қолданатын инновациялық технологияларын игеру;

- диплом жұмысының практикалық бөлімінде қолдану үшін қажетті материалдарды жинау.

#### **4.2 Студенттердің өндірістік педагогикалық практика мерзіміне арналған тапсырмалар мазмұны (апта бойынша)**

##### **1- АПТА**

Білім беру мекемесінің оқу-тәрбие жұмыстарын, білім алушылар ұжымының ерекшелігін және жеке білім алушыларды кешенді түрде бақылау:

- білім беру мекемесінің әкімшілігімен және педагогикалық ұжымымен әңгімелесу;

- жұмыс құжаттарын талдау (мекеменің, педагогтердің жұмыс жоспарын);

- білім беру мекемесінің материалдық-техникалық базасымен танысу;

- білім алушылардың жеке іс парағымен, күнделіктерімен, сынып журналымен танысу т.с.с.;

- білім алушылардың шығармашылық жұмыстарымен танысу;

- студентке бекітілген білім алушылар ұжымындағы жеке білім алушыны және білім алушылар ұжымының сабаққа және сыныптан тыс тәрбие шараларына қатысу кезінде бақылау;

- психологиялық-педагогикалық мінездеме жазу мақсатында білім алушылармен және педагогтермен әңгімелесу;

- білім беру мекемесі педагогтерімен жүргізетін сабақтарға қатысу және талдау;

- байқау(сынақ) сабағының қысқамерзімді жоспарын құру;

- байқау(сынақ) сабақтарын жүргізу;

- шара өткізуде ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу және көмектесу;

- білім беру мекемесінің жоспарына сай практика кезеңінде студенттің жеке жоспарын қайта өңдеу.

##### **2-6 (10) АПТАЛАР**

###### ***1) Пән бойынша оқу жұмыстары:***

- ҚМЖ құрастыру, практика базасынан пән мұғаліміне немесе кафедрадан бекітіген топтың практика жетекшісіне бекітуге ұсыну;

- дидактикалық материалдарды, көрнекі құралдарын, СББҚ, сабақтарға ОТҚ даярлау, дидактикалық материалдарды жинақтау;

- түрлі типтегі сабақтарды даярлау және өткізу (алтаудан кем емес); соның ішінде екеуі сынақ сабақтар болуы тиіс;

- өзі өткізген екі сабаққа жазбаша түрде өз-өзіне талдау жасайды;

- пән мұғалімінің және студент-практиканттардың барлық сабақтарына қатысады, соның үшеуіне жазбаша талдау жасайды.

###### ***2) Пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар:***

- бекітілген сынып ұжымымен 2 сыныптан тыс шара даярлау және оны өткізу (бір шараға кем дегенде екі күн бұрын ескерту арқылы әдіскерді шақыру және 1-іне жазбаша түрде өз-өзіне талдау жасау);

- студент-практикант өткізген 1 сыныптан тыс немес тәрбие шарасына қатысу және талдау жасау;
- пән бойынша жекелеген білім алушылармен жүйелі түрде жеке жұмыс жасау;
- оқу кабинетін жабдықтау мен безендіруге пән мұғаліміне көмек көрсету.

### **3) Сынып жетекшілік:**

- сынып жетекшісінің (тәрбиешінің) ағымдағы тәрбие жұмыстарына қатысу;
- оқушыларды кешенді түрде адамгершілікке, еңбекке, эстетика, экология, экономика, құқықтық және дене тәрбиесіне баулитын кем дегенде екі тәрбие шарасын (сынып сағатын) даярлау және өткізу (өткізген шараның жоспарын не сценарийін (екеуден кем емес) жазбаша түрде тапсыру), бір шараға жазбаша түрде талдау жасау;
- студент-практикант өткізген 1 сыныптан тыс немес тәрбие шарасына қатысу және талдау жасау, бір шараға жазбаша түрде талдау жасау;
- бір білім алушыға диагностика жасау және толық психологиялық-педагогикалық мінездеме даярлау;
- оқу үлгерімінде мәселелер туындаған 1 білім алушымен психологиялық-педагогикалық түзету жұмыстарын жүргізу;
- бір дарынды білім алушымен психологиялық-педагогикалық жұмыстар жүргізу;
- сынып ұжымына диагностика жасау және толық психологиялық-педагогикалық мінездеме даярлау.

### **4 Әдістемелік жұмыс:**

- пән мұғалімдері бірлестігінің және сынып жетекшілері семинарларының жоспарымен таныстыру;
- мектептің ортақ әдістемелік тақырыбы бойынша жұмыстың жоспарымен және материалдарымен танысу;
- практика кезеңінде жетекшілер өткізетін семинарларға қатысу;
- студент-практикант күнделігін жүргізу және талдау жасау.

### **5 Ғылыми-зерттеу жұмысы:**

- диплом жұмысының тақырыбы бойынша жұмыс жасау;
- оқу-тәрбие үдерісі бойынша алғашқы диагностика жасау;
- диплом жұмысының практикалық бөлімінде қолдану үшін қажетті материалдарды жинау.
- диплом жұмысының тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына сай студент-практикант практикалық дағдыларын қолдана отырып сабақ жүргізу.

## 5 СТУДЕНТТИҢ ЕСЕП ҚҰЖАТТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

### 5.1 Өндірістік педагогикалық практика соңында студенттер келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

1. Өндірістік педагогикалық практика күнделігі (Қосымша А) <https://ppu.edu.kz/ru/professionalnaya-praktika/>.
2. Пән - мұғалімі (тәрбиеші) қол қойған, өткізілген сабақтардың жоспары (Қосымша Б).
3. Өзінің өткізілген сабақтарына талдау жасау (екеуден кем емес) (Қосымша В).
4. Қатысқан сабақтарына педагогикалық талдау жасау (үштен кем емес) (Қосымша Г).
5. Пән бойынша өткізілген сыныптан тыс сабақтың (өз сабағына) талдауы (Қосымша Д).
6. Өткізілген тәрбие іс шараларының (сценарий) жоспары (екеуден кем емес) (Қосымша Е).
7. Пән бойынша өткізілген сыныптан тыс бір сабақтың жоспары (Қосымша Ж).
8. Пән бойынша өткізілген тәрбие іс-шараларының бір талдауы (Қосымша З).
9. Пән бойынша немесе сыныптан тыс сабаққа қатысқан немесе тәрбие іс шараларының бір талдауының болуы (Қосымша И).
10. Бір оқушыға психологиялық педагогикалық мінездеме және оған диагностикалық материалдар (Қосымша К).
11. Сынып ұжымына мінездеме және оған жасалған диагностикалық материалдар (Қосымша Л).
12. Есептің мұқаба беті (Қосымша М).
13. Өндірістік педагогикалық практиканың қорытындысы бойынша есепті құру үшін сұрақтар (Қосымша Н).
14. Фото және бейнематериалдар (міндетті), көрнекіліктер мен презентациялар (олардың болуы). (Қолдау хат бойынша барған студенттерге міндетті түрде) (Қосымша О).

### 5.2 Есеп құжаттарын ресімдеу талаптары

Барлық құжаттар мұқаба парағы түссіз, титул парағы бар пластикалық скоросшивательде (тезтікпе) тапсырылады. Титул парағын басып шығарып, мұқият түрде көк сиялы қаламмен толтыру керек.

Барлығы аты-жөнді толық жазып, күні мен қол қойылуы тиіс.

Барлық құжаттар қатаң түрде үлгіге сәйкес толтырылады. Компьютерде теріліп (14 pt, Times New Roman, жоларалық интервал, ені теңестірілген, азат жол - 1,25 см, өрісі: сол жағы - 3 см, оң - 1 см, жоғарғы және төменгі -2 см), А-4 қағазына шығарылып жеке файлдарға салынады және электрондық нысанда (компакт-дискіде, флэш картада) тапсырылады. Студент-практиканттар өткізген шаралар бейнежазбаларға тіркеледі және электронды нұсқада тапсырылады.

Құжаттарды ресімдеу барысында көрсетілген талаптар сақталмаған жағдайда қайта қарау және түзету үшін қайтарылуы мүмкін.

## **ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

### **Негізгі әдебиеттер**

1. Педагогическая практика: Учеб. пос. для студентов педагогических институтов / Под ред. Розова В.К. – М., 2008.

2. Крым И.А., Крещан З.В., Шульгина Н.В. Педагогическая практика: Учеб. Пособие. – Кемерово: Кузбассвузиздат, 2007. – 121 с.

3. Мектептегі педагогикалық практика [Мәтін]: студент-практиканттарға арналған әдістемелік құрал / Қ.Қ. Кунапина; Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2011. - 69 б.

4. Педагогическая практика: содержание и организация деятельности классного руководителя: метод. рекомендации для студентов педвуза. – Бийск: БПГУ, 2010. – 53 с.

5. Сысоева М.Е. Педагогическая практика. Справочник : Учебно-метод. пособие / М. Е. Сысоева. - М.: Нар. образование, 2002. - 128 с.

6. Өнербаева З.О. Химия мектепте: оқу әдістемелік құралы.-Алматы, 2011

7. И. Нұғыманұлы, Ж.Ә. Шоқыбаев, З.О. Өнербаева. Химияны оқыту әдістемесі. Оқу құралы. Алматы, 2005

8. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017

9. ҚР Білім және ғылым министрінің 2019жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығына сәйкес, 16 қосымша. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11сыныптарға арналған «Химия» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

### **Қосымша әдебиеттер**

10. Ингекамп К. Педагогическая диагностика. – М., 2006. Кунапина, Қ.

11. Крым И.А., Крещан З.В., Шульгина Н.В. Педагогическая практика: Учеб. Пособие. – Кемерово: Кузбассвузиздат, 2007. – 121 с.

12. Леонова Е.В. Методы психолого-педагогической оценки. – М.: МИФИ, 2012. – 424 с.



13. Методика воспитательной работы: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений /Л.А. Байкова, Л.К. Гребенкина, О.В. Еремкина и др.; Под ред. В.А. Сластенина. – М.: Академия, 2014. – 144 с.
14. Методика воспитательной работы /В.П.Сергеева, Э.К.Никитина, М.Н.Недвецкая и др. – М.: Академия, 2013. – 368 с.
15. Сумина Т.Г. Методика воспитательной работы: учебник для студ.вузов по напр.проф.обуч. – М.: Академия, 2014. – 192 с.
16. Тажбаева С.Г. Подготовка будущего учителя к технологии воспитательного процесса в школе. – Алматы, АГУ им. Абая, 2003.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Павлодар мемлекеттік университеті Ә. Марғұлан атындағы  
Жаратылыстану жоғары мектебі

**ӨНДІРІСТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА БОЙЫНША  
ЕСЕПТІК ҚҰЖАТ**

\_\_\_\_\_тобының студенті

\_\_\_\_\_

Өндірістік педагогикалық практиканың жетекшісі

**Бір оқушыға психологиялық педагогикалық мінездеме және оған диагностикалық материалдар**

1. Оқушы туралы жалпы мәліметтер: жасы, денсаулық жағдайы, қоғамдық белсенділігі.

2. Оқушының отбасы тәрбиесінің мінездемесі: отбасының мәдени жағдайы, отбасы ұжымындағы қарым - қатынастың ерекшелігі, отбасының оқушыға қатынасы, тәрбиені қорғау.

3. Сынып ұжымының мінездемесі: сынып белсенділері, қоғамдық және қоғамдық пайдалы еңбекке қатынасуы, оқу үлгерімі мен тәртіп, ұжымдағы тұлға аралық қатынастар, сипатиялар мен антипатиялар, достық, ұжым, балалар ұжымының дәстүрлер жүйесі.

4. Оқушының сынып ұжымына қатынасы: ұжым мүшесі болуға талпыну, оның пікірімен санасу, оның абыройы үшін күресу, достар ұжымындағы беделді адам, басқа адамдармен тіл табыса білу және түсіну, ұжымдағы теріс қарым – қатынастар, көрсе қызарлық және т.б.

5. Тұлғаның бағыттылығы: жеке, қоғамдық және іскерлік.

6. Мотивтің мінездемесі. Қызығушылықтары, оның тереңдігі, кеңдігі, тұрақтылығы, әсер етуі, ең танымдық қызығушылықтары.

7. Көзқарастары және сенімдері. Ойының және тәртібінің жүйелілігі. Оқушының талпынысы, оның ниеті, армандары, пір тұтатын тұлғасы.

8. Еркіндік дәрежесі: төмен, адекватты, жоғары. Оқушының өз мүмкіндіктерін бағалауы, өз-өзіне талап қоюы, оқушылар мұғалім тарапынан критикалық сынға қатынасы, өзін-өзі тәрбиелеуге қатынасына байланысты өзін-өзі бағалауы және еркіндік дәрежесі.

9. Әр түрлі іскерліктегі оқушылар. Оқушылардың сабаққа қатынасы, үлгерімі және тәртібі, оқу дағдыларының қалыптасу дәрежесі. Еңбек іскерлігіне, оқушының тұрмыстық еңбекке қатынасы. Оқушының оқу, еңбек және ойынға қатынасуы, оқушының қоғамдық белсенділігі.

10. Танымдық іскерліктің мінездемесі: қабылдау, бақылау, есте сақтау ерекшеліктері.

11. Эмоционалдық сала ерекшелігі: педагог іс-әрекетін эмоционалды қабылдау, моралды, интеллектуалды және эстетикалық сезімдерін дамыту, эмоционалдық уайымын білдіртпеу және оны өзгерту.

12. Еркіндік ерекшеліктері: мақсаттылығы, өз бетімен, инициативтілік, шешім қабылдау қабілеті, тұрақтылық, өзін – өзі ұстау, еркін моралды тәрбиелу.

**Қабілеттері: оқушының қабілетін көрсететін жалпы және арнайы.**

13. Темперамент және оның көрсетілуі.

14. Мінез (белсенділік, тәртіптілік, мектеп және сынып жетістіктері, жауапкершілік және ұжым алдындағы міндеттілігі, еңбек сүйгіштігі, мейірімділігі, тіл табысуы, ұқыптылығы және ұяңдылығы).

15. Педагогикалық қорытындылар. Оқушылар мен тәрбие жұмысындағы нәтижелер.

**Сынып ұжымына мінездеме және оған жасалған диагностикалық материалдар**

1. Ұжым ретінде мектеп мінездемесі. Тәрбиелік, тәртіптік, үлгерім дәрежесі. Мектептің қоғаммен байланысы. Мектептің сыныпқа, сынып жетекшісіне және қоғамдық ұжымға әсері.
2. Сынып оқушыларының ресми құрылымы. Сынып құрамы. Оның белсенділері. Топ басшысының, оқушылардың қысқаша мінездемесі.
3. Сынып оқушыларының оқу үлгерімінің жалпы мінездемесі.
4. Сынып оқушыларының қоғамдық жұмысқа қатысы.
5. Сыныптағы тәртіптің жағдайы, оқушылардың тәртіп нормасы, әлеуметтік тәртібінің дағдылары.
6. Сынып оқушыларының қоғамдық маңызды мақсаттары. Сыныптағы қоғамдық пікірлері.
7. Тұлға аралық қарым-қатынастарының сандық және сапалық мінездемелері. Микротоптардағы оқушылардың қарым - қатынасының психологиясы.
8. Ұжым мүшелері ретінде оқушылардың жеке мінездемесі.
9. Оқушылардың әлеуметтік рөлі (қоғамдық жұмыстарға қатысатын оқушылар, спортсмендер, әнші, биші, суретші және т.б )

**Өзінің өткізілген сабақтарына талдау жасау (екеуден кем емес)**

1. Сынып сағатының тақырыбы және түрі.
2. Сынып сағатының мақсаты.
3. Қойылған оқу мақсатқа жеткендігі.
4. Мақсат мазмұнының сәйкестігі.
5. Мазмұнның өзектілігі.
6. Тәрбиеленушілердің жас ерекшелігіне сай болуы.
7. Ғылыми, тәрбиелік және дамытушылық бағыты.
8. Оқушылардың ғылымилығы және белсенділігі.
9. Қызықтылығы. Тәртіптілігі. Ұйымшылдығы.
10. Ұжым топтарына өткізілген іс-шараның әсері.
11. Оқушылардың жеке дара қызығушылықтарын ескеру.
12. Іс - шара қандай бағытта жасалғандығын анықтау.
13. Шақырылған тұлғалардың қатысуы.
14. Сабақтың құндылығы.
15. Сәттілік пен сәтсіздіктерінің себептері.
16. Берілген тәрбиелік іс-шараның әдістемелік жолдары.
17. Тәрбиешінің сабаққа дайындық сапасы мінездемесі.

**Пән бойынша өткізілген тәрбие іс-шараларының бір талдауы**

1. Топ, жұмыстың түрі, тәрбие жұмыстарының тақырыптары.
2. Педагогикалық тақырыптардың дәйектемесі (топтың жас ерекшеліктеріне сәйкес, неліктен берілген шаралар тәрбие жұмыстарының жоспарына енгізілген).
3. Жүргізетін жұмыстың мақсаты мен міндеттері .
4. Берілген сабаққа оқушыларды дайындыққа ұйымдастыру (оқушылардың дайындық дәрежесі, көрнекілікті дайындау (әшекейлеу), техникалық құралдарды қолдану).
5. Іс- шараларды жүргізу әдістемесі мен мазмұны:
  - а) қойылған мақсатқа мазмұнның сәйкес болуы;
  - б) материалдың танымдық және тәрбиелік бағасы;
  - в) оқушылардың сабаққа қызығушылығы және белсенділігі;
  - г) оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес шараларда қолданылған әдіс-тәсілдері;
  - д) топ проблемалармен және қоғамдық проблемалармен талқыланған сұрақтардың байланысы (әлем, ел, обылысы, қала, колледж, топ).
6. Сабақ беретін тәрбиешінің жеке ерекшеліктері: сенімділігі, сезімталдығы, оқушылармен қатынасы, адамгершілік қасиеті, өзінің тәрбиеленушілердің қылықтары және оның дәлелдемесі.
7. Жүргізетін сабаққа педагогикалық бағасы, оның мәні келесі ұжымның дамуы үшін және жеке тәрбиеленушілердің ұжымда қатынасын жетілдіру үшін. (ескертүүлەر, қосымша).

**Қатысқан сабақтарына педагогикалық талдау жасау (үштен кем емес)**

Сабақты талдау келесі сызбанұсқаны көрсетуге болады.

1. Сабаққа керекті негізгі талаптарды орындау:

а) сабаққа қойылған негізгі талаптарды орындау;

б) дидактикалық принциптерімен сәйкес болуы;

в) мұғалімнің жұмысының нәтижесі және сабақтың тиімділігі;

г) таңдап алынған әдістер және оқыту тәсілдерінің мақсатқа лайықтылығы, дамыту және тәрбиелеу.

2. Оқытушының жұмысының нәтижелігі:

а) Көкейтестілігі;

б) жаңа ұғымдардың құрылу деңгейінің қасиеттері: оқушылардың өздері, дүниетанымдық және практикалық шығармашылықпен айналысуы, мұғалімнің түсіндіру барысындағы тереңдігі мен жалпылығы;

в) білімді қолдану және қабілеттің құрылу деңгейінің қасиеттері өзіндік жұмыстардың жақсы нәтиже көрсетуі, оқушылардың үй тапсырмасын орындау дәрежесі.

3. Жалпы сабақ талдауы: сабақтың жалпы мінездемесі беріледі, мұғалім шығармашылығы және сабаққа оқушылардың көз-қарасы және іс-әрекеті, сабақтың оң және теріс жақтары белгіленеді.

**Сабақты талдау аспектілерінің түрлері.**

Мұғалім және оқушылардың шығармашылығындағы аспекті бойынша талдау беріледі, осы мақсатпен бақылау жүргізіледі, сосын белгілі аспектіге сабақ талдауы.

1. Оқушылардың даму заңдылықтарына байланысты келесі сұрақтар қойылады:

а) Интеллектуалды саланы құрайтын оқушылардың дамуына байланысты қандай өлшемде сабақ дайындалған?

б) Оқушылардың ойлау қабілетіне байланысты мұғалімнің басқару іс-әрекеті сабақ барысында сәйкес келе ме?

в) сабақ барысында ойлау қабілетінің рефлексивті компоненттері құрыла ма?

г) оқушыларды қандай өлшемді ойлау қабілетінің жалпы түсінуде қандай тәсілдері құрылады?

д) оқушылар сабақ барысында материалдарды логиканың, мазмұнына қарай қорытындылауға оқытылады ма?

е) оқушылар өз жолдастарының жұмыстарын бағалауға және талдауға оқытылады ма?

ж) материалды түсіну үшін мұғалім қандай түсіндіру, ұғындыру критерийлерін қолданады?

з) сабақта ұжымның көз қарасы қолданылады ма?

и) шығармашылық ойлау қабілеттері элементтері қандай жағдайларда құрылады?

к) оқушылардың өзіндік қасиеттері мен айырмашылықтары ескеріле ме?

**Қосымша Е**

**Сабақ талдауының психологиялық – педагогикалық сызба нұсқасының үлгісі.**

1. Сабақтың тақырыбы. Тақырып бойынша сабақтардың жалпы жүйесіндегі орны.
2. Сабақтың оқу мақсаты және ғылыми тәрбиелік міндеттері.
3. Сабақты ұйымдастыру. Оқушыларды ұйымдастыру (назарларын аударту және жұмыс орындарының дайындығына талап қою және т.б)
4. Оқушылардың бңілімін дағдыларын тексеру мазмұны және әдістемесі. Оқушылардың білімдерін, дағдыларын тексеру мақсаты және орны. Тексеру әдістері. Сынып белсенділігі. Білімді тексеруді қорытындылау. Оқушылардың жауаптарын бағалау.
5. Жаңа білімді меңгерудің әдістемесі және мазмұны. Мұғалімнің оқу материалының тақырыбы және ауызша мазмұны. Мұғалімнің мазмұндау әдістері білімнің көлемі және жүйесі. Жаңа материалды өмірмен байланыстыру.
6. Оқушылардың өздігінен оқитын оқу материалының тақырыбы және мақсаты. Оқушыларға проблемалық сұрақ қою, танымдық есептер беру, логикалық тапсырмалар беру.
7. Жаңа материалды қабылдау мен ойлау үшін оқушыларға шығармашылық жұмыстар беру. Тақтаны пайдалану және дәптерге жазу. Оқулықтармен, анықтамалармен және қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу.
8. Оқыған материалды бекіту әдістемесі және мазмұны. Бекітудің, тапсырмалардың және өзіндік жұмыстардың мазмұны мен әдістемесі.
9. Үй тапсырмасының мазмұны және әдістемесі. Оның алгоритімі. Жеке тапсырмалар беру.
10. Оқушылардың танымдық іс- әрекетінің мінездемесі.
11. Назар. Сабақта назар аударту үшін мұғалімнің жалпы психологиялық принциптерді қолдануы. Сабақта назар аудартудың тәсілдері: мұғалімнің сыртқы бейнесі, мимика және пантомимика, мейірімділік таныту; сабақтың ритмі және темпісі; сабақтың түрлі кезеңінде оқушылардың назарын басқаға аударту.  
Қабылдау. Алынған білімдерді қабылдау тәсілдері. Оқушылардың әр түрлі есте сақтау қабілетін дамыту.  
Ойлау. Оқушылар жаңа материалды қабылдағанда проблемалық жағдай туғызу. Оқушылардың белсенділігі, қызығушылығы, жаңа шешімдерді іздеуі, мұғалімнің сұрақтарының жүйесі.  
Тұлға. Оқушылардың сыныптастарының жауабына және мұғалімнің бағалауына қатынасы.



Оқу іскерлік процесте интеллектуалды, еркіндік және тұлғаның басқа қасиеттері қалай қалыптасады?

Мұғалімнің іс - әрекетінің мінездемесі. Материалды білуі. Әдістемелік шеберлігі. Мұғалімнің пәнге қызығушылығы. Педагогикалық такт. Сөйлеу мәнері(дикция, темпі, сөйлеу мәдениеті, эмоционалдылығы).

(Қосымша Б)

**Пән - мұғалімі (тәрбиеші) қол қойған, өткізілген сабақтардың жоспары**

1. Сабақтың тақырыбы. Тақырып бойынша сабақтардың жалпы жүйесіндегі орны.

2. Сабақтың мақсаты және ғылыми тәрбиелік міндеттері.

3. Сабақты ұйымдастыру. Оқушыларды ұйымдастыру (назарларын аударту және жұмыс орындарының дайындығына талап қою және т.б)

4. Оқушылардың білімін дағдыларын тексеру мазмұны және әдістемесі. Оқушылардың білімдерін, дағдыларын тексеру мақсаты және орны. Тексеру әдістері. Сынып белсенділігі. Білімді тексеруді қорытындылау. Оқушылардың жауаптарын бағалау.

5. Жаңа білімді меңгерудің әдістемесі және мазмұны. Мұғалімнің оқу материалының тақырыбы және ауызша мазмұны. Мұғалімнің мазмұндау әдістері білімнің көлемі және жүйесі. Жаңа материалды өмірмен байланыстыру.

6. Оқушылардың өздігінен оқитын оқу материалының тақырыбы және мақсаты. Оқушыларға проблемалық сұрақ қою, танымдық есептер беру, логикалық тапсырмалар беру.

7. Жаңа материалды қабылдау мен ойлау үшін оқушыларға шығармашылық жұмыстар беру. Тақтаны пайдалану және дәптерге жазу. Оқулықтармен, анықтамалықтармен және қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу.

8. Оқыған материалды бекіту әдістемесі және мазмұны. Бекітудің, тапсырмалардың және өзіндік жұмыстардың мазмұны мен әдістемесі.

Назар. Сабақта назар аударту үшін мұғалімнің жалпы психологиялық принциптерді қолдануы. Сабақта назар аудартудың тәсілдері: мұғалімнің сыртқы бейнесі, мимика және пантомимика, мейірімділік таныту; сабақтың ритмі және темпі; сабақтың түрлі этапында оқушылардың назарын басқаға аударту.

Қабылдау. Алынған білімдерді қабылдау тәсілдері. Оқушылардың әр түрлі есте сақтау қабілетін дамыту.

Ойлау. Оқушылар жаңа материалды қабылдағанда проблемалық ситуациялар құру. Оқушылардың белсенділігі, қызығушылығы, жаңа шешімдерді іздеуі, мұғалімнің сұрақтарының жүйесі.

Тұлға. Оқушылардың сыныптастарының жауабына және мұғалімнің бағалауына қатынасы.

Оқу іскерлік процесте интеллектуалды, еркіндік және тұлғаның басқа қасиеттері қалай қалыптасады?

Мұғалімнің іс- әрекетінің мінездемесі. Материалды білуі. Әдістемелік шеберлігі. Мұғалімнің пәнге қызығушылығы. Педагогикалық такт. Сөйлеу мәнері(дикция, темпі, сөйлеу мәдениеті, эмоционалдылығы)

<b>Мектеп:</b>		
<b>Сабақ тақырыбы:</b>		
<b>Күні</b>	<b>Мұғалімнің есімі</b>	
<b>Сынып</b>	<b>Қатысқандар саны</b>	<b>Қатыспағандар саны</b>
<b>Сабаққа негізделген оқу мақсаты</b>		
<b>Сабақ мақсаттары:</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> <b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> <b>Кейбір оқушылар:</b>	
<b>Бағалау критерийлері:</b> (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)		
<b>Тілдік мақсаттар</b>	<b>Тілдік дағдылар:</b>	
	<b>Терминология:</b>	
	<b>Сөз тіркестері:</b>	
<b>Құндылықтарды дарыту</b>		
<b>Пәнаралық байланыстар</b>		
<b>АКТ қолдану дағдылары</b>		
<b>Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім</b>		
<b>Жоспар</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған жаттығулар</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Басталуы</b>		
<b>Ортасы</b>		
<b>Аяқталуы</b>		
<b>Қосымша ақпарат</b>		
<b>Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?</b>		
<b>Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?</b>		
<b>Сабақ бойынша рефлексия</b> Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім		

Сабақты жоспарлау алдында алдымен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының белгілі оқу жылында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатының мына бір тұсына тоқталған жөн болар:

«Қысқа мерзімді жоспар құрған кезде мұғалімге төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады:

- сабақты ұйымдастыру кезінде оқу бағдарламасында және оқу жоспарында көрсетілген мақсаттарды басшылыққа алу қажет;
- орта мерзімді жоспарда ұсынылған барлық іс-әрекеттерді ұйымдастыру ұсынылады;
- мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады.

Жаңа форматты сабақ балаларды оқыту процесіне белсенді тартуды, олардың талқылауларға қатысуын, өткен материалды талдау және қорытуын, зерттеу жүргізуін, бағалау пікірлерін айту, өзін-өзі бағалау және т. б. көздейді.

Сабақтың міндетті элементі ретінде оқушыны қолдауға бағытталған мұғалімнің әрекеттерін түзетуге мүмкіндік беретін кері байланыс болуы тиіс.

Қысқа мерзімді жоспарлау кезінде мұғалім міндетті түрде төмендегілерді анықтап, әзірлеуі қажет:

- тілдік оқу мақсаттары – терминдермен жұмыс және т.б.;
- саралау: білім алушыларға қолдау көрсету қалай жоспарланады? Қабілетті білім алушылардың алдына қандай міндеттер қою жоспарлануда? Білім алушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруге болады?
- метапәндік байланыстар;
- денсаулығы мен қауіпсіздігін, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарымен және АКТ-мен байланысын қамтамасыз ету.

### **Сабаққа негізделген оқу мақсаты**

Сабақтың басты міндеті - оқу мақсатын жүзеге асыру болғандықтан, сабақ жоспары толығымен оқу мақсаттарынан туындайды. Сабақ мақсаты да, бағалау критерийлері мен тапсырмалар да осы бағытта құрастырылады.

Осыған орай оқу мақсаттарын мемлекеттік стандарт, өзгертуге болмайтын инвариант деп түсінген орынды. Оқу мақсаттары оқу бағдарламасы мен ҰМЖ-дан алынып, тура сол қалпында ҚМЖ-да көрсетіледі. Оқушылардың барлығы да оқу мақсаттарына жетуі керек. Сондықтан мұғалімнің шешімі бойынша оқу мақсаттары бір немесе бірнеше сабақта қарастырылуы мүмкін.

Бағдарламада оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен көрсетіледі: 7.2.1.3. Олар мынаны білдіреді: бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін (әр пән бағдарламасы екі бөлімнен тұрады), төртінші сан оқу мақсатының реттік номерін көрсетеді. Мысалы, 7.2.3.1. кодында «7» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «3» - оқу мақсатының реттік саны деп түсіну керек.

### **Сабақ мақсаттары**

Сабақ мақсаты дегеніміз оқушылардың сабақ нәтижесінде үйренетін дағдылары,

білік пен білімі, оқушының сабақ бойы жасаған жұмысының нәтижесі. Сабақ мақсаты оқушының сабақта не жасағанын көрсетпей, оның сол әрекеттерді орындау нәтижесінде (сабақ соңында) не үйренетіндігіне болжау жасайды. Оқушылардың әрекеттері Блум таксономиясының деңгейлері бойынша белгіленеді. Сабақ мақсаттары оқу мақсаттарының негізінде жасалады.

Сонымен бірге мұнда саралап оқыту идеясы аясында оқушылардың барлығына бірдей мақсат белгілемей, олардың танымдық деңгейлері бойынша түрлі мақсаттар қойған дұрыс. Бұл туралы мынандай сөз бар: *«Сыныпта бір мезгілде барлық оқушыларды бірдей оқытқан жағдайда: 1/3 оны біледі, 1/3 түсінеді, 1/3 ешқашан түсіне алмайды. Сондықтан сыныптағы балалардың 2/3 уақытты босқа жоғалтады» (Скотт Виллис).*

Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік нұсқау хатында саралап оқыту туралы былай деп жазылған: *«Саралап оқыту тәсілі – білім алушылардың әртүрлі топтары үшін оқу процесін мамандандыруды, білім алушылардың ерекшеліктерін есепке алу мақсатында әртүрлі топтар үшін әртүрлі оқыту жағдайларын жобалайды. Саралап оқыту тәсілі әртүрлі білім алушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану - сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады» (2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017, 17 б.).*

Сонымен, сабақ мақсаттарын саралап көрсету міндетті болып саналмағанмен, алайда оларды көрсету оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеретіндігін ұмытпауымыз керек. Мұндай саралауда не жазу керек?

**Барлық оқушылар:** Мұнда оқу мақсаттары қайталанарды. Оқушылардың 100% қол жеткізуі керек болғандықтан мұғалім мұнда барлық оқушылардың оқу мүмкіндіктерін ескеруі керек.

**Оқушылардың басым бөлігі:** Оқу мақсаттарына (көрсетпесе де болады) қоса оқушылардың оқу қабілеттеріне қарай нәтижені күрделендіру

**Кейбір оқушылар:** Оқу мақсаттары мен оқушылардың басым бөлігі үшін (көрсетпесе де болады) белгіленген мақсаттармен бірге шығармашылық және зерттеушілік дағдыларды дамытатын мақсаттарды нақтылау: мәселен, «Талдау», «Жинақтау» немесе «Бағалау» деңгейлерінде.

### **Бағалау критерийлері**

Бағалау критерийлерінің синонимдері «жетістік критерийлері», «табыс критерийлері», «күтілетін нәтиже»: кей сабақ жоспарларында оларды осылайша атайды.

Бағалау критерийлерін «Оқушылардың оқу мақсатына жеткендігінің, үйренгендігінің дәлелі не болмақ? Оқушылардың үйренгенін қандай нәтижеден көреміз?» деген сұрақтарға жауап беру арқылы айқындау қажет. «Бағалау критерийлері – мұғалім мен оқушыға қалыптастырушы бағалау кезінде оқытудың мақсатына қол жеткізгенін тануға мүмкіндік беретін тұжырым (табыс критерийі)»

***(«Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы).***

Бұл туралы әдістемелік нұсқау хат былай дейді: «Әр оқу мақсаты бойынша бағалау критерийлерін мұғалім әзірлеуі тиіс. Сондай-ақ, мұғалім өзінің білім алушыларының дайындық деңгейіне сәйкес келсе, ЖӘК порталына орналастырылған жиынтық бағалау бойынша жинақтардағы бағалау критерийлерін пайдалануға құқығы бар. Бастауыш мектептің өзінде оқыту процесі білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен кең ауқымды дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл ретте оқыту процесі дәстүрлі оқыту процесінен алшақтағанын және күтілетін нәтижелерге негізделетінін есте сақтау қажет. Күтілетін нәтижелер алты білім салалары бойынша анықталады және іс-әрекеттік аспектісін көрсетеді, яғни білім алушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды» (2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017, 213 б.).

Мұнда мына мәселеге назар аудару керек. Бағалау критерийлері оқушылардың сабақ мақсаттарына емес, оқу мақсаттарына жеткен-жетпегендігін өлшеуі керек, яғни бұл жерде барлық оқушылардың үйрену нәтижелері қарастырылады.

### **Тілдік мақсаттар**

Тіл адамның басты құралы тіл шығар: біз тіл арқылы ойлаймыз, бір-бірімізбен қарым-қатынас жасаймыз. Демек, үйренудің де негізгі құралы тіл болып табылады. Сондықтан да кез келген пәнді оқытуда тілді басты назарда ұстау керек.

Тілдік мақсаттар туралы «Жалпы білім беру мектептерінің мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулықтар. 1-сыныпқа арналған орта мерзімді жоспарларда» (Астана, 2016) былай деп жазылған:

«Мектептерде пән мазмұны мен тілді үйрететін оқыту ортасын қалыптастыру керек. Әр пәннің өзіндік сөйлеу ерекшеліктері бар: стиль, лексика, синтаксис. Осы арқылы оқушы пән мазмұнын да игеріп, ойлауды да жақсартады, өйткені адам тіл арқылы ойланады, тілдің көмегімен үйренеді де.

Тілді, сөйлеуді дамытуда тілдік мақсаттар қойған маңызды. Оларды нақты қойсақ – оқушылар өздерінен не күтілетіндігін анық түсінеді. Тілдік мақсаттар оқуға деген қызығушылықты ылғи да жоғары деңгейде ұстайды. Сондықтан да мұғалімдер әр сабақта пәндік мазмұн мен сөйлеуді дамытуды назардан шығармауы керек.

Сөйлеуге үйрету үшін мұғалімдердің мына мақсаттарды сабақ жоспарларына енгізгені дұрыс:

- оқушылардың назарын ғылыми тілге аудару керек (оқу мақсатына жеткізуге көмектесетін сөздер, терминдер, тіркестер, фразалар);

- сабақ мазмұнының ұғымдарын қолдануға қажетті жұмыс тілін ұсыну (топ құрамында жұмыс жасау, сұрақ қоя білу, жағдаяттарды талдау, пікірталасқа қатысуға қажетті тіркестер мен фразалар);

- алдын-ала оқыту (бұған алдымен пән мазмұнын игеруде терминдер мен фразаларды алдын-ала қолдану кіреді);

- оқушылардың тілдік дағдылардың төртеуін де әртүрліше біріктіріп қолдануы (мысалы, оқылым-айтылым, оқылым-жазылым, оқылым-айтылым, айтылым-жазылым, т.б.);

- оқушыларды диалогқа (талқылау, пікірталас) тарту (мысалы, біржақты қысқа жауаптарды қабылдамау, жауабы оқулықта бар сұрақтарды қоймау, алған білімін талқылауда қолдануға ынталандыру, әңгімелесуге қажетті мол сөздік қорды ұсыну);

- тіл арқылы үйренудің дағдыларын дамыту (мысалы, сөздікті қолдану, парафраз жасау, тыңдау, түсіндіру, металингвистикалық және метатанымдық санақылты дамыту);

- тіл туралы сыни ойлауды қолдау (мысалы, тілдерді салыстыру, тілді нақтырақ қолдануға ынталандыру, тілді үйренудегі ілгерлеуді бағалау);

- тілдік мақсатты сабақ басында қойып, сабақ соңында оған жетудің жетістіктерін талқылау» (6 б.).

Тілдік мақсаттың мысалдары әр пәннің оқу жоспарларында келтірілген. Тілдік мақсаттардың компоненттері мынандай атаулармен көрсетілген:

«(1) пәнге қатысты арнайы лексика және терминология.

(2) диалог/жазылымға қажетті сөз тіркестері. Берілген ақпарат тілі оқушылар үшін түсінікті әрі анық болса, бұл олардың пәндік мақсаттар мен тілді оқудағы мақсаттарға қол жеткізуіне көмектеседі.

Тілдік мақсаттарды анықтау үшін келесі етістіктерді пайдалануға болады: саралау, санаттарға бөлу, таңдау, жіктеу, салыстыру, байланыстыру, сәйкестендіру, көшіру, құрастыру, сынау, анықтау, сипаттау, әзірлеу, бағалау, түсіндіру, мысал келтіру, жорамалдау, негіздеу, дәлелдеу, келіссөздер жүргізу, болжау, жасау, балама шешімдер ұсыну, себептерді түсіндіру, пысықтау, қайта ұйымдастыру, басқа сөзбен айту, мазмұндау, көшіріп жазу, рөлдік ойындар ойнау, қорытындылау, синтездеу және жазу, түрлі мақсаттар үшін пайдалану, өз сөзімен анықтама жазу, безендіру» (6 б.).

Сонымен ҚМЖ-да тілдік мақсаттар мынандай тұрғыдан көрінуі керек:

**Тілдік дағдылар:** тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым.

**Терминология:** пәнге қатысты арнайы лексика және терминдер.

**Сөз тіркестері:** Диалогқа түсіретін сөз тіркестері.

Осы жерде «тілдік дағдылар» ұғымына тоқталып кетейік. Әдістемелік нұсқаулық хатта тілдік дағдылар «сөйлеу әрекетінің түрлері» деп аталып, былайша түсіндіріледі:

**«Тыңдалым арқылы коммуникация (тыңдалым).** Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптарға қатысты айтылған ауызша пікірлердің негізгі мазмұнын түсіну және олардан негізгі ақпаратты бөліп алу; сөйлеушінің пікірін түсіну; мәнмәтін бойынша сөздердің мағынасын анықтау; түрлі стратегияларды қолдану арқылы білім алушылардың деңгейіне сәйкес келетін әртүрлі мәтіндердің мазмұнын қабылдау және түсіну: тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, таныс сөздерге, фразаларға және сөйлемдерге сүйенумен қажетті/нақты ақпаратты, мәтіннің бөліктерін таңдау және түсіну.

**Жазылым.** Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптарға байланысты жазбаша жұмыстарды жоспарлау, жазу, редакциялау және түзету; нақты және ойдан шығарылған оқиғалар туралы жаза білу, оқылғаны туралы сыни пікірлер беру білігі; орфографиялық және грамматикалық қателер жібермей барынша сауатты жазу; белгілі стильді ұстану; түрлі байланыстырушы сөздерді қолдану арқылы

параграфтағы сөйлемдерді байланыстыру.

**Оқылым арқылы коммуникация.** Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптардағы әдеби және ғылыми мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну және олардан негізгі ақпаратты белгілеу, ақпаратты іздеудің түрлі стратегияларын қолдану; мәнмәтін бойынша сөздердің мағынасын анықтау; автордың қарым-қатынасын және пікірін түсіну; сөздердің мәнін тексеру және оқығанды терең түсіну үшін қағаз және электронды тасымалдағыштардағы түрлі дереккөздерді қолдану.

**Айтылым.** Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптардағы сұхбаттасу барысында ресми және ауызша сөйлесу стильдерін қолдану; қажетті ақпаратты алу үшін неғұрлым күрделі сұрақтар қоя білу білігі; өз пікірін айту; күтпеген түсінікке жауап беру; тапсырманы орындау барысында құрдастарымен қарым-қатынас жасау; арнайы лексиканы сауатты пайдалану; хикаялар мен оқиғаларды мазмұндау» (2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017, 27-28 б.).

Сонымен әр сабақта тілдік мақсаттарды айқындап, оларды жүзеге асыру арқылы оқушылардың ойлауы мен санасын дамытып, қарым-қатынас жасау дағдыларын жақсартып, оларда елестету, өзіндік ой қалыптастыру, мазмұндық мәселелерді талқылау, талдау, суреттеу, түсіндіру және болжау біліктіліктерін арттыратындығы сөзсіз.

### **Құндылықтарды дарыту**

Әл Фарабидің «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген сөздері өскелең жас ұрпақты оқып, үйретудің негізгі қағидасы деп түсінген жөн. Сол себепті де оқу процесін ұйымдастыруда басты назарды танымдық мазмұнмен бірге адами, рухани құндылықтарды қалыптастыруға аудару – заманауи білім беру жүйесінің басты ұстанымдарының бірі болып табылады.

Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік нұсқау хатында былай делінген: «Оқытудағы құндылықтарға бағытталған тәсіл – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағытталған оқу процесі білім алушының бойында тұлғалық құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

Құндылықты бағдарлау – тұлғаның өз әрекетінде жекелеген құндылықтарды (құндылықтарға бағдарлану қабілеттілігі) бағдар ретінде таңдап алу қабілеттілігі (қасиеті), сондай-ақ оларды өзінің жеке әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі.

Орта білім берудің құндылықтары «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарына негізделген. Орта білім берудің құндылықтары ретінде:

- 1) қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;
- 2) құрмет;
- 3) ынтымақтастық;
- 4) еңбек пен шығармашылық;
- 5) ашықтық;

6) өмір бойы білім алу белгіленді (2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін



*ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017, 16-17 б.).*

Сонымен, бұл «Құндылықтарды дарыту» бөлімінде нақты осы сабақта балалардың бойында қалыптастыруға арналған оқу бағдарламасындағы және ұлттық, жалпыадами құндылықтардың негізінде қалыптасатын құндылықтарды (адами қасиеттер, жоғарғы ұстаным, мәдениет, мінез-құлық пен қарым-қатынастың жағымды көріністері, т.б.) көрсету (іс-әрекет және/немесе тақырып мазмұнын сипаттау арқылы).

### **Пәнаралық байланыстар**

Әдетте мұғалімдер мұнда жай ғана пән атауын көрсетіп қана қояды. Бұл жеткіліксіз, тек пәндерді көрсету аздық етеді.

Бүгінгі білім беру жүйесінің басты ерекшеліктерінің бірі мынада: оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелер тек танымдық-пәндік тұрғыда ғана қалыптастырылмай, тұлғалық және метапәндік (пәнаралық, үйреншікті пән ауқымынан тыс) деңгейлерді қамтиды. Бұл ұстаным оқушылар арасында кең таралған «клиптік санаға» қарсы бағытталған. «Клиптік сана» өмірді бүтін деп қабылдамай, оған деген үзік-үзік көзқарас құрастырады, Әлемді әр пәннің тар ауқымында ғана тануды қалыптастырады.

Ал метапәндік тәсілдеме оқушыларды әр пәнді Әлемді тану жүйесінің құрамдас бөлігі деп тануға жетелейді, өйткені мұнда оқыту пән ауқымынан шығып, өзге пәндермен байланыс құрап, әмбебап білім қалыптастыруға бағыттайды. Метапәндік түсінік оқушыларды өмірдің мәні мен мағынасы, құндылықтары мен қағидалары, адамның онда алатын орны мен міндеттері туралы ойлануға шақырып, олардың түсінігін, ойлауын, үйренуін, қарым-қатынасын, рефлексиясын, іс-әрекеттерін дамытады. Метапәндік тұрғыда оқушылар әр сабақта «Мен қалай үйренемін, дамимын? Білімімді қалай жақсартпа аламын? Бұл білім маған не үшін керек? Ол маған қалай және қай жерде қажет болады?» деген сұрақтарға жауап іздейді.

Сабақтардағы метапәндік байланыс тек пәндердің кіріктілуі ғана емес. Бұл өмірге деген бүтін көзқарасты бірнеше пәннің тоғысуында қалыптастыру. Мұнда «Адам», «Өмір мәні мен мақсаты», «Өмір құндылықтары», «Бақыт», «Сана», «Білім», «Сөз», «Уақыт және кеңістік», «Қарым-қатынас», «Денсаулық», «Табиғат», «Экология», «Проблема шешу», «Табыс пен жетістік», т.б. секілді ортақ мақсаттар қарастырылады. Шәкәрім кезінде айтқандай, «Әңгімелесуде басты мәселелер: Отан, адам бойындағы Руханилық пен Адамгершілік туралы ой толғау керек». Сондықтан да ҚМЖ-ның бұл бөлімінде сабақтағы кіріктірілудің қандай пәндермен жүзеге асырылатынын ғана көрсетпей, ондай байланысты ортақ тақырыптың мазмұны арқылы көрсеткен орынды.

### **Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану**

Бұл жерде оқушылардың сабақта қандай АКТ дағдыларын дамыта алатындығын көрсету керек. Бұл туралы Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік нұсқау хатында былай деп жазылған: «Орта мектепте АКТ-ні, БАҚ және мультимедиялық құралдарды пайдалануға қойылатын талаптар:

- дерекқордан және интернеттен ақпаратты іздеу, табу;
- сандық, интернет жүйелері арқылы алынған ақпараттарды өңдеу және оның

нақтылығын, сенімділігін, құндылығын бағалай алу;

- сандық, мәтіндік және визуалдық ақпаратпен және дерекқормен, оның ішінде гиперсілтемелерді, электрондық кестелерді, графикалық және басқа да қосымшаларды пайдаланып жұмыс істеу арқылы мәліметті жүйелеу;

- электронды байланыс арқылы басқа білім алушылармен және оқытушылармен ынтымақтаса онлайн форумдарға, виртуалдық оқыту орталарына қатысып, қарым-қатынас жасау және ақпарат алмасу;

- интерактивті тақтаны белсенді оқытуға техникалық қолдау көрсету мақсатында қолдану;

- аяқталған жұмыс бойынша мектептің шеңберінде немесе одан тыс жерде мультимедиялық таныстырылым жасау» (2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017, 19 б.).

Әдістемелік нұсқау хатта АКТ құзіреттіліктерін арттыру мақсатында мынандай ұсыныстар жасалады: «География, физика, **химия** және биология сабақтарындағы компьютерлік технологиялар:

- оқу материалын зерделеу барысында мультимедиа-технологияларды пайдалануды;

- білім алушылар мен мұғалімдердің күнделікті оқу жұмысында компьютерлерді құрал ретінде өнімді қолдануды;

- пәнаралық байланыс технологиясын жүзеге асыруды;

- оқу телекоммуникациялық жобаларды орындау барысында білім алушылардың өздігінен іздеу және зерттеу жұмыстары әдісін әзірлеуді;

- интернетті пайдалану арқылы оқу материалы аясындағы ақпаратты іздеу және өңдеуді;

- есептерді шығару үшін электрондық кестелерді пайдалануды;

- виртуалды практикалық және зертханалық жұмыстар жүргізуді қарастырады» (122 б.).

Мұғалімнің бұл бөлімде жоғарыда көрсетілген дағдылардың бір-екеуін сабақ тақырыбымен байланыстырып келтіруіне болады.

### **Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім**

Кез келген жаңа тақырып таныс ұғымдар арқылы меңгеріледі.

Бұл бөлімде оқушылардың тақырып бойынша бұрыннан не білетіндігі (немесе бұрыннан не білуі керектігі) көрсетіледі (негізгі ұғымдар, деректер, фактілер, формулалар, теориялар, ережелер). Бұл жерде бағдарлама бойынша оқылған алдыңғы тақырып жазылмайды. Мұнда сабақ тақырыбы бойынша өткен оқу жылы қарастырылған оқушылардың білуге қажетті деректер келтіріледі.

### **Жоспар**

**Ресурстар.** Бұл жерде сабақта қолданатын кеңсе тауарларын (қағаз, флипчарт, маркерлер, желім, скотч, қайшы, т.б.) көрсетпей, мазмұндық материалдарды (контент) келтірген дұрыс. Олардың қатарына сабақ мақсатына жетуге көмектесетін сабақта қарастырылатын кітап не басқа да дерек көздері, мәтіндерді (мәселен, оқулықтағы параграф), интернетте ұсынылған материалдарды, видеокөрсетілімдер,

слайдтар және басқа да ақпарат көздерін жатқызуға болады.

**Басталуы.**

**Ортасы.**

**Аяқталуы.**

### **Қосымша ақпарат**

**Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?**

Саралап іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер: оқушыға дербес көмек көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиынтық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін. Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданылады.

Нені саралауға болады?

1. Тапсырмалар: оқушыларға олардың білімдеріне сәйкес әртүрлі тапсырма берілуі мүмкін.
2. Нәтиже: тапсырма біреу, алайда оқушылардан жеке нәтиже күтіледі.
3. Жұмыс жасау қарқыны: тапсырма біреу, алайда оны орындау үшін әртүрлі уақыт беріледі. Ерте аяқтағандарға қосымша тапсырма ұсынылады.
4. Қолдау: бір тапсырма беріледі, алайда оны орындауда балалар мұғалім тарапынан әртүрлі қолдау алады.
5. Ресурстар: оқушыларға бір тапсырма беріледі, алайда әртүрлі ресурстар ұсынылады немесе оларды өздігімен табу тапсырылады.
6. Топтастыру: қабілеттері біркелкі оқушыларды бөлек топтарға біріктіру.
7. Ақпарат: тапсырма біреу, алайда оқушыларға әртүрлі деңгей мен көлемдегі ақпарат беріледі.
8. Рөлдер: бір тапсырманы орындау барысында оқушылар әртүрлі рөлдерді орындайды.
9. Үй тапсырмасы: оқушылар түрлі үй тапсырмаларын алады.
10. Диалогта әртүрлі сұрақтарды қолдану: мұғалім оқушылардың деңгейіне қарай өзінің сұрақтары мен жауаптарын саралайды (*«Кәдімгі мектепте қабілетті балаларды оқыту»*, *Eyre, 1997* материалдары бойынша).

**Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлаймыз?**

Бұл бөлімде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдерді жазу керек. Бағалау дегеніміз оқушылардың үйрену деңгейін анықтау болғандықтан, мұнда мұғалім қалыптастырушы бағалауды сабақта қалай қолданғанын жазуы керек. Мұнда мұғалім мына мәселелерді есте сақтап, қадағалауы керек:

«Қалыптастырушы бағалаудың міндеттері:

- оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін анықтау, білім алушыларға ұсыну;
- білім алушының қай деңгейге жеткенін дәлелдеуге көмектесетін бірлескен (коллаборативті) оқытуға арналған орта құру;

- білім алушыларды дамытуға жағдай жасайтын сындарлы (конструктивті) кері байланысты қамтамасыз ету;

- білім алушыларды бірін-бірі бірлесе оқытудың сапалы көзі ретінде қатыстыру;

- білім алушыларға өзінің оқуын «құрушылар/жасаушылар» ретінде жағдай жасау болып табылады» (*Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдіст. құрал /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ /О.И.Можяева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен. - Астана, 2016. - 48 б. – 14 б.*).

Мұғалім осы мәселелерді сабақта қалай жүзеге асырғандығын көрсетуі керек. Мысалы, оқушыларға табысты оқу үшін қандай жағымды жағдай жасағандығын, оқушыларға кері байланысты қалай бергендігін, олардың өзін-өзі және бірін-бірі бағалауын қалай ұйымдастырғандығын, оқушыларды қалай ынталандырып, көмектескендігін, оларға қандай жоғары деңгейдегі сұрақтар қойғандығын келтіргені дұрыс.

### **Сабақ бойынша рефлексия**

Мұғалімнің ең басты міндеті - өзінің кәсіби біліктілігін тұрақты, жүйелі, шынайы түрде дамыту. «Кәсіби даму дегеніміз тәжірибе және рефлексия» деген ұстанымға сәйкес әр сабақтан кейін (тәжірибе) мұғалім сабақты талдау мен бағалау арқылы оның ұтымды жақтары мен жақсартуға қажетті тұстарын айқындап, өз тәжірибесін қалай дамытуға болатындығын айқындау дағдыларын қалыптастыруы керек.

Осы мақсатта сабақтан кейін өз сабағын талдау барысында мұғалім бұл бөлімге сабақ туралы өз пікірлерін жазады. Бұл үшін мынандай сұрақтарға жауап беру ұсынылады:

Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?

Бүгін оқушылар не білді?

Сыныптағы ахуал қандай болды?

Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?

Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?

Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?

Әрине, бұл сұрақтардың тізімін жалғастыра беруге болады. Пайғамбарымыз (ҒС) «Көркем сұрақ – ғылымның жартысы» деп айтқан екен, демек осы сынды сұрақтарды өзіне қойып, оларға шынайы түрде жауап беру арқылы мұғалімнің өз сабағын бағалап, кәсіби дамытуын жалғастыра түсетіндігі анық.

### **Қорытынды бағамдау**

Бұл бөлімде мұғалім «Сабағымнан қандай қорытынды шығарамын? Өзімнің педагогикалық қоржынымды қандай идеялармен толықтырамын?» деген сұрақтарға жауап бере отырып, өз сабағын талдау барысында алған ең басты қорытындыларын жазады.

### **Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеру керек)?**

Мұғалім мұнда оқушылар мен өзінің сабақтағы ең ұтымды, ең тиімді болған әрекеттері мен жетістіктерін жазады. Олардың қатарына оқушылардың ынтасы, мақсатқа бағытталуы, өздігімен жұмыс жасауы, қолданған әдіс-тәсілдердің тиімділігі, тапсырмалардың мазмұндылығы, бірлескен әрекеттер, жағымды қарым-қатынас, кері байланыс пен рефлексия, оқушылардың өзін-өзі және бірін-бірі бағалауы, бір-біріне

көмектесуі, сұрақтардың деңгейі, дескрипторлардың тиімділігі, нақты бір мақсатқа жетуі, критерийлерді қадағалауы секілді тағы да басқа көптеген ұтымды жәйттерді жатқызуға болады.

1.

2.

**Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?**

Мұғалімнің шеберлігі сабақтан сабаққа жақсаруы керек. Бұл үшін ұстаз әр сабағын дамытып, өркендетіп отыруы қажет. Мұғалім бұл бөлімде «Кемшілік – дамудың қажетті ресурсы» демекші, сабақта туындаған кедергілерді («кемшіліктерді» деп айтпай-ақ қояйық) айқындап, оларды қалайша түзеп, болдырмау туралы ойларын келтіреді. Жоғарыда аталған жағымды жәйттерді енді кедергілер ретінде келтіруге болады.

1.

2.

**Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?**

Мұғалім сабақ барысында әр оқушыны бақылап, олардың оқып-үйренуі қалай өрбіп, дамып жатқандығын қадағалауы керек. Мұндай бақылауда ұстаз оқушылардың қандай жетістіктерге қол жеткізгенін немесе қандай қиындықтарға тап болғанын дәп тауып, оларды оқушыларға айтып, қалайша болашақта (келесі сабақта) жетістіктерді дамытып, ал кедергілерді жеңу жолдары туралы шәкірттерімен ақылдасып, бірлесе амал іздейді.

Бұл бағытта мұғалімге жазба жүргізу көп көмектеседі (қалыптастырушы бағалау журналы, рефлексиялық күнделік, т.б.).

**Қосымша Е**

## **САБАҚ КОНСПЕКТІСІ СХЕМАСЫ**

Сабақ №

Тақырып

Сабақтың типі:

Сабақ мақсаты:

Әдістері:  
Құралдары:

Уақыт	Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс әрекеті	Оқушылардың іс әрекеті

### Сабақты жоспарлаудағы заманауи әдіс тәсілдер

Сынып	№ Сабақ	
Сабақ тақырыбы		
Оқу мақсаты:		
Оқыту нәтижесі	Оқушылар білуі керек: Оқушылар істей білуі керек:	
Кілтті идеялар Бағдарлама модулдері	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер (қалай оқуды үйрену, диалогтік оқыту)</li> <li>2. СТО оқыту</li> <li>3. Оқу үшін бағалау және оқытуды бағалау</li> <li>4. АКТ қолдану</li> <li>5. Талантты және дарынды балаларды оқыту</li> <li>6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу</li> <li>7. Оқытуды басқару және көшбасшылық</li> </ol>	
Дереккөздер, жабдықтар мен құралдар		
Тапсырмалар	1.	2.
	3.	4.

Уақыт	Мұғалімнің іс әрекеті	Оқушының іс әрекеті	Ескерту

(Қосымша Д)

Пән бойынша өткізілген сыныптан тыс сабақтың (өз сабағына) талдауы

Сыныптан тыс жұмыстың атауы	
Күнтізбелік-тақырыптық жоспары	
Сыныптан тыс жұмыстың мақсаты	
Сыныптан тыс жұмыстың міндеттері	
Сыныптан тыс жұмыстың түрі	
Көрнекіліктер	
Күтілетін нәтиже	

**(Қосымша Е)**

**Өткізілген тәрбие іс шараларының (сценарий) жоспары (екеуден кем емес)**

1. Топ, жұмыстың түрі, тәрбие жұмыстарының тақырыптары.
2. Педагогикалық тақырыптардың дәйектемесі (топтың жас ерекшеліктеріне сәйкес, нәліктен берілген шаралар тәрбие жұмыстарының жоспарына енгізілген).
3. Жүргізетін жұмыстың мақсаты мен міндеттері .
4. Берілген сабаққа оқушыларды дайындыққа ұйымдастыру (оқушылардың дайындық дәрежесі, көрнекілікті дайындау (әшекейлеу), техникалық құралдарды қолдану).
5. Іс- шараларды жүргізу әдістемесі мен мазмұны:
  - а) қойылған мақсатқа мазмұнның сәйкес болуы;
  - б) материалдың танымдық және тәрбиелік бағасы;
  - в) оқушылардың сабаққа қызығушылығы және белсенділігі;
  - г) оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес шараларда қолданылған әдіс-тәсілдері;
  - д) топ проблемалармен және қоғамдық проблемалармен талқыланған сұрақтардың байланысы (әлем, ел, обылысы, қала, колледж, топ).
6. Сабақ беретін тәрбиешінің жеке ерекшеліктері: сенімділігі, сезімталдығы, оқушылармен қатынасы, адамгершілік қасиеті, өзінің тәрбиеленушілердің қылықтары және оның дәлелдемесі.
7. Жүргізетін сабаққа педагогикалық бағасы, оның мәні келесі ұжымның дамуы үшін және жеке тәрбиеленушілердің ұжымда қатынасын жетілдіру үшін. (ескертулер, қосымша).

**(Қосымша О)**



**Фото және бейнематериалдар (міндетті), көрнекіліктер мен презентациялар (олардың болуы). (Қолдау хат бойынша барған студенттерге міндетті түрде)**

## **Өндірістік педагогикалық практика қорытындылары бойынша есеп құруға арналған сұрақтар**

1. Оқу-тәрбие жұмысының қандай міндеттерін Сіз өндірістік педагогикалық практика кезінде шештіңіз?
2. Өндірістік педагогикалық тәжірибе жоспарын орындау. Жоспардан қандай ауытқулар болды және неге? Жоспардан тыс не істелді?
3. Сыныптағы педагогикалық процестің жағдайы қалай зерттелді?
4. Өткізілген сабақтар саны. Олардың қайсысы сәтті өтті, қайсысы қиындық тудырды? Неліктен?
5. Сабақта оқытудың дәстүрлі емес әдістері мен формалары қандай?
6. Сабақта оқушылардың танымдық іс-әрекетінің жеке, топтық, ұжымдық формаларын ұйымдастыру орын алды ма?
7. Оқу процесінде оқушылардың танымдық іс-әрекетінің қандай түрлері басым болды (өнімді, репродуктивті, ішінара іздеу)?
8. Педагогикалық практика кезінде қандай тәрбиелік міндеттер шешілді? Осы балалар ұжымында оларды жүзеге асыруда тәрбие жұмысының қандай формалары үлкен әсер етті? Оқу іс-шараларының сәтсіз өтуіне не себеп болды деп ойлайсыз?
9. Ата-аналармен жұмыс қандай формада жүргізілді?
10. Сіз топтың, мұғалімнің ғылыми-зерттеу (эксперименттік) жұмысына қандай қатыстыңыз? Оны өткізуде қандай қиындықтар болды? Қандай нәтиже алды?
11. Тәжірибе барысында қандай дағдылар мен дағдыларды игердіңіз? Педагогикалық практика мұғалім жұмысына дайындықта қандай олқылықтарды анықтады? Кәсіби дайындықты жетілдіруде алдыңызға қандай міндеттер қойдыңыз?
12. Тәжірибе туралы жалпы тұжырымдар. Оның мұғалім ретіндегі қалыптасуындағы маңызы. Сіздің практиканы жетілдіру және ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстарыңыз.

## **Пән бойынша қатысқан немесе сыныптан тыс сабаққа қатысқан немесе тәрбиелік іс-шараларының бір талдауының болуы**

### ***1. Жалпы мәліметтер***

- а) іс-шараның атауы.
- б) өткізілетін күні, мектебі, сыныбы, кім өткізеді.
- в) оқушылар тобының құрамы: ұлдар, қыздар, қызығушылықтары бойынша, сынып.
- г) қызмет түрі; ол жүйеге кіреді ме немесе эпизодтық іс-шара болып табылады ма.
- д) іс-шараның мақсаты; сынып ұжымының қандай міндеттерін шешуге және осы іс-шара оқушылардың қандай жеке қасиеттерін қалыптастыруға арналған.
- е) қызметтің осы түрі мен мазмұнын таңдаудың психологиялық негіздемесі: сабақтың жалпы тәрбиелік міндеттерге, сынып ұжымының даму деңгейіне, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі.

### ***2. Іс-шараның дайындығын талдау***

- а) осы іс-шараның бастамашысы кім болды және ол қалай дайындалды. Сабаққа дайындық кезінде оқушылардың белсенділігі, тәуелсіздігі және бастамасы қандай және қалай көрінді.
- б) іс-шараны дайындау әдістемесі: балаларды жоспарлау, әзірлеу, оларға қатысу.
- в) дайындық кезеңінде алдағы қызметтің қажеттілігі мен маңыздылығын түсінуге мүмкіндік туды ма?

### ***3. Іс-шара барысы***

- а) оқушылар алдында алдағы іс-әрекеттің мақсаттары мен міндеттері қаншалықты сенімді, анық, эмоционалды түрде ашылды.
- б) жұмыс қаншалықты мазмұнды, қызықты және ұйымдасқан түрде өтті?
- в) оқушылар қандай білім алды және іс-шара барысында, оқушыларда қандай әлеуметтік көзқарастар, сезімдер мен нанымдар қалыптасты, олардың қандай қоғамдық пайдалы іс-әрекетке айналысуына түрткі болды.
- г) оқушылар жұмыс барысында және қорытындыда қандай қорытынды жасады? Қандай нәтижелерге қол жеткіздік?
- д) өткізілген іс-шара ұжымның және жекелеген оқушылардың қоғамдық пікірін қалыптастыруға, олардың өзара қарым-қатынасына қалай әсер етті? Бұл сабақтың нәтижесі команданы дамыту, оның әлеуметтік бағытын қалыптастыру үшін қандай болуы мүмкін.
- е) оның жеке оқушыларға әсері қандай?
- ж) Осы сабақта үлкендердің (сынып жетекшісі, жетекші, әлеуметтік педагог, үйірме жетекшісі) рөлі мен орны.
- з) жұмыс әдістемесі, қарым-қатынас сипаты, олардың тәрбие міндеттеріне, жас және жеке ерекшеліктеріне, ұжымның даму деңгейіне сәйкестігі.

### ***4. Тәрбие іс-шарасына жалпы баға беру***

а) қойылған мақсаттар мен міндеттерге қаншалықты қол жеткізілді. Жетістіктердің, сәтсіздіктердің және қателіктердің себептері.

б) жүргізілген жұмыстың тәрбиелік құндылығын жалпы бағалау.

в) тәрбиешілер мен оқушыларға психологиялық-педагогикалық қорытындылар мен ұсыныстар.

### **5. Тәрбиешінің қызметін талдау**

а) тәрбиешінің мінез-құлқының қандай белгілері оқушылармен тәрбие жұмысын жүргізуге ықпал етті, қайсысы, керісінше, кедергі келтірді?

б) оқушылармен тәрбие жұмысын жүргізу кезінде қандай педагогикалық қабілеттер көрінді?

в) тәрбиешінің педагогикалық әдептілігі көрінді ме және нақты не? Тәрбиешінің әдепсіздік жағдайлары.

г) тәрбиешінің психикалық жағдайы тәрбие жұмысын жүргізуге ықпал етті ме немесе кедергі келтірді ме және неге?

**Қосымша М**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
Павлодар педагогикалық университеті Ә. Марғұлан атындағы  
Жаратылыстану жоғары мектебі

# ПРАКТИКА БОЙЫНША ЕСЕП

---

(түрі бойынша)

---

(место практика және іс шара орны)

---

Баға \_\_\_\_\_

Жетекші:

\_\_\_\_\_  
(қызметі, ғылыми дәрежесі)

\_\_\_\_\_  
(аты жөні)

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(күні)

Студент \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
ТОП

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(күні)

20 \_\_\_\_